

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

94(5):069

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ

Қабылдинов З.Е.¹, Борбасов С.М.¹, Қозыбаева М.М.¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Аңдатпа. Сын-пікір ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің директоры Нұрсан Әлімбаев басқарған ғалымдар тобы дайындаған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» деп аталатын 5 томдық ғылыми басылымды талдауға арналған. Рецензенттер бұл еңбекті Қазақстан энциклопедистикасындағы жаңа құбылыс деп бағалайды. Себебі, іргелі еңбек қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуы үдерісінен бастап оның ұлттық келбетінің толысуына дейінгі тарихи кеңістікті қамтитын салт-дәстүрлеріне, ұғымдарына, сенім-нанымдарына және этникалық шаруашылығына қатысты негізгі ақпаратты береді. Энциклопедияға енген 6 мыңға тарта мақалалардан қазақ халқының дәстүрлі өмір тіршілігі мен этникалық болмысын танимыз.

Түйін сөздер: дәстүр, наным, болмыс, ұғым, дәстүрлі шаруашылық, этникалық ерекшелік

ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ

Кабульдинов З.Е.¹, Борбасов С.М.¹, Қозыбаева М.М.¹

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Аннотация. Рецензия дает оценку коллективному научному изданию, подготовленному группой ученых Центрального Государственного музея РК во главе его директором Нурсаном Алимбаевым, под названием «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов» в 5-ти томах. Рецензенты оценивают данный труд как новое явление в казахстанской энциклопедистике. Ибо, фундаментальный труд дает основную информацию о традициях, верованиях, понятиях и этническом хозяйствовании казахов, охватывающую историческое пространство с начала процесса формирования казахского этноса до складывания его национальных черт. Включенные в энциклопедию около 6 тысяч статей раскрывают традиционную культуру жизнеобеспечения и этническую сущность казахов.

Ключевые слова: традиция, верование, сущность, понятие, традиционные хозяйства, этнические особенности

MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH

Kabuldinov Z.E.¹, Borbasov S.M.¹, Kozybayeva M.M.¹

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Abstract. The review assesses the collective scientific edition prepared by the group of researchers from the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, headed by its Director Nursan Alimbay, entitled “The Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts and Names of the Kazakhs” in 5 volumes. Reviewers evaluate this work as a new phenomenon in Kazakhstan’s encyclopedic studies, because this fundamental work gives basic information about the traditions, beliefs, concepts and ethnic

economic management of the Kazakhs, covering the historical space from the beginning of the process of the formation of the Kazakh ethnic group to the formation of its national features. About 6 thousand articles included in the encyclopedia reveal the traditional culture of life support and the ethnic essence of the Kazakhs.

Keywords: tradition, belief, essence, concept, traditional economy, ethnic features

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». 5 томдық энц. (Ғыл. ред. және жоба жетекшісі Н. Әлімбай. – Алматы: «Әлем Даму Интеграция» ЖШС, 2018)

Кіріспе

2011-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейдің ғалымдары «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық ғылыми энциклопедияны жарыққа шығарған болатын. Энциклопедияның негізгі авторлардың бірі және ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбайдың айтуынша, осынау бірегей басылымды дайындауға 20 жылдан астам уақыт жұмсалыпты. Барлығы 3784 беттен тұратын бұл энциклопедия екі-үш жылдың ішінде-ақ оқырмандар іздеп жүріп оқитын басылымға айналып үлгерді. Оның басты себебі аталмыш еңбектің халқымыздың дәстүрлі шаруашылығы, мәдениеті, тіршіліккамы жүйесі, әдет-ғұрпы, салты, дүниетанымы, сынды тарихи этнографияның сан салалы қыр-сыры жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік беретін айрықша танымдық әлеуетінде болса керек. Еңбек отандық ғалымдар мен әртүрлі оқу орындары қызметкерлерінің және қалың көпшіліктің ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары бағаланып отырғандығы да сондықтан. Энциклопедияның екінші басылымының кіріспесінде айтылғандай, «соның ішінде, әсіресе, Томсон Рейтер индекс-көрсеткішті «Milli Folklor» (Туркия) журналына шыққан белгілі түрік ғалымы Ерке Өзердің (Yerke ÖZER) аталмыш энциклопедияны ғылым әлеміндегі айтулы жаңалық ретінде бағамдаған рецензиясын айтылған уәждің көрнекі бірер мысалы ретінде келтіруге болады («Milli Folklor» Üç Aylik Uluslararası Kültür Araştırmaları Dergisi. International and Quarterly Journal of Cultural Studies (Volume / Tome:14. Sayi/Number: 105. Pp. 155-159). Басылымның ғылыми орта үшін деректік және ғылыми танымдық тағылымы өз алдына, оның аз мерзім ішінде жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары және оқытушылары, сондай-ақ, отандық музей қызметкерлері үшін құнды оқу құралына айналғандығы ден қойдырады». Бұл энциклопедияның өлшеусіз танымдық тағылымын бек айғақтаса керек.

2017 жылы осы энциклопедияның едәуір толықтырылған және методологиялық тұрғыдан өңделген екінші басылымы жарыққа шықты. Екі басылымын да қалыбы (форматы) еш өзгермеген (84x1081/16). Бірақ жаңа басылымның жалпы көлемі алғашқы басылыммен салыстырғанда 424 бетке ұлғайған екен. Өйткені, а) бірінші басылымдағы 688 мақала қайта жазылған; ә) 682 мақала әрі қайта редакцияланған әрі дәлелдеу жүйесі біршама тың мәліметтермен күшейтілген; б) 527 мақала түбегейлі редакцияланған; в) осы ретте айрықша ден қояр жайт – соңғы басылым 147 жаңа мақалалармен толықтырылыпты. Демек, келтірілген осы көрсеткіштерді арифметикалық қисынға салсақ, энциклопедияның екінші басылымындағы өзгеріс-толықтырулар бірінші басылыммен салыстырғанда 38,4%ға өскен екен.

Бұл көрсеткіштердің, ең алдымен, энциклопедияның екінші басылымдағы жаңа және бұрынғы мақалалардың деректік негізі мен теориялық деңгейінің сапалық өзгерісін білдіретіндігін ерекше атап өткен ләзім.

Энциклопедиядағы 5846 мақалада 10 000-нан астам тек ежелгі көшпелілер арасында ғана сан ғасырлар бойы қалыптасып, қолданыста болған таза қазақы тарихиэтнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар зерттелінген (әрі қарай – ұғым, атау немесе термин). Бұл жайт,

сөз жоқ, қарастырылып отырған басылымның бірегей ерекшелігі болып табылады. «Қазақ тарихы» атты ғылыми және ғылыми-әдістемелік беделді журналдың бас редакторы Әбділдабек Салықбай әділ бағалағандай, «Энциклопедияда қазақ халқының шаруашылық-экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени, саяси-институционалдық сияқты сан ғасырлық тәжірибесін білдіретін тарихиэтнографиялық терминдердің мән-мағынасы зерттелініп отыр. Бұл мән-мағынаны белгілі шарттылықпен аталмыш терминдердің мәдени семантикасы десе де болады. Осыған байланысты энциклопедияда ғылыми терминдер қарастырылмайды. Бұл басылымның осы құралыптас шетелдік этнографиялық (мәдени немесе әлеуметтік антропологиялық) энциклопедиялардан ең басты (түбегейлі) айырмашылығы һәм ерекшелігі де осында. Бұл айырмашылық пен ерекшелік авторлар сәтімен жүзеге асырған энциклопедиялық зерттеудің ұстанымын білдіреді» [Қазақ тарихы. - 2018. - №8 (165), 26.].

Расында да, бұл ұстаным, Нұрсан Әлімбаидың дәлелі дәйекті пікірінше, дәстүрлі қазақ қоғамындағы сан салалы, сан деңгейлі шаруашылық-экономикалық, мәдени, институционалдық, ғұрыптық (ритуалдық), менталдық сияқты тағы басқа да үрдістер мен құбылыстарды олардың әрқайсысына байланысты қалыптасқан дәстүрлі ұғым тұрғысынан зерделеуді (талдауды) білдіреді. Осы ретте айта кетер жайт мұндай ұстаным, дейді энциклопедияның кіріспесінде ғылыми редактор, – когнитологиялық антропология (немесе антропологиялық когнитология) сынды ғылымда ежелден орныққан ғылыми дәстүр. Әрі аталмыш ұстанымның мейлінше жемісті дәстүр екендігін аталмыш ғылымның жүз жылдан астам жасап келе жатқан тәжірибесі айқын айғақтап отыр [14-30-бб.].

Энциклопедияның кіріспе бөлімінде айтылғандай, бүкіл дәстүрлі әлеуметтік организмге нәр беретін этникалық мәдениеттің энергетикалық жанды нүктелері іспеттес этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі этностың шаруашылық-экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік тәжірибелері түзілген қойма сияқты. Бұл жүйе этностың сан ғасырлық, этногенетикалық тұрғыдан алғанда, тіпті, бірнеше мыңжылдық тарихи (әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси, экологиялық) тәжірибесінің когнитивтік нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге этникалық мәдениеттің концептілері болып табылатын аталмыш когнитивтік түзілістер Адам ↔ Қоғам ↔ Табиғат деп аталатын ұлы триаданың арасындағы алуан деңгейлі өзара себеп-салдарлық байланыстар жүйесінің парадигма-матрицасы іспеттес» [14-б.].

Қажетті мәліметтерді осындай когнитологиялық ұстаным (яғни ұғымдықконцептілік) тұрғысынан қарастыру авторларға энциклопедиядағы, әсіресе, іргелі мәселелердің әрқайсысын жеке-жеке жіктеп зерттеуге мүмкіндік берді. Мысал ретінде дәстүрлі қазақы ортада ерекше қастерленген «жылқы» малы және осы ұғыммен тікелей байланысты «Айғыр», «Айғыр қою», «Айғырдың жалын майлау», «Айғырдың кекіліне тоқпақ (тас) байлау» сияқты ғұрыптық терминдердің әрқайсысының жеке зерттелгендігін айтуға болады. Сонымен бірге әрбір мақалада басқа мақалаларға сілтеме жасалған. Мұндай сілтемелер тиісті мақалалардың арасындағы мағыналық (семантикалық) өзара себеп-салдарлық байланысты көрсетеді. Мысалы, «Айғырдың жалын майлау» атты ғұрыптық ұғымға (тақырыпқа) арналған мақалада «Бие байлау», «Май» және «Майлау» деген мақалаларға сілтеме жасалады. Бұл сілтемелер «Айғырдың жалын майлау» ғұрпының (ритуалының) мәнін толық түсіну үшін соңғы үш мақаламен де жете таныс болу керек дегенді білдіреді. Сондай-ақ, «Бие байлау», «Май», «Майлау» мақалаларындағы «Айғырдың жалын майлау» атты мақалаға (және басқа да мақалаларға) жасалған сілтемелер де өз кезегінде осы мақаланың алғашқы үш мақаланың әрқайсысының мәнін ашатын маңызына байланысты жасалып отыр.

Бұл тұста «Жылқы», одан кейін «Айғыр» атты негізгі ұғым-концептілерден туындайтын аталмыш ұғымдардың әрқайсысын («Айғыр қою», «Айғырдың жалын майлау», «Айғырдың кекіліне тоқпақ (тас) байлау», «Бие байлау», «Май» және «Майлау» және т.б.) осындай

когнитологиялық жіктеп зерттеу тәсілі, сайып келгенде, авторларға көшпелі қоғамдағы жылқы малының шаруашылық-мәдени, ғұрыптық, тіпті институционалдық маңызын тарқатып (дәлелді) негіздеуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, осындай тәсілдің нәтижесінде кез келген оқырман белгілі бір мәселеге байланысты мақаладағы сілтемелер арқылы басқа мақалалармен де жете танысуға мүмкіндік алады.

Энциклопедиядағы мақалалардың барлығы дәл осындай семантикалық байланыс тұрғысынан қарастырылғандығын ерекше атап өту қажет. Мұндай тәсіл оқырмандардың (әсіресе, ғалымдардың) әрбір тақырыпты (ұғымды) терең түсінуі үшін, жоғарыда айтылғандай, оның басқа тиісті мақалалармен мағыналық байланысын ескеруінің аса маңызды екендігін көрсетеді.

Энциклопедияда мақалалардың тақырыптары болған терминдер «категория», «ұғым», «атау» деп жіктеледі (бөлінеді). Осыған байланысты мақалаларды да ауқымы мен концептуалдық-теориялық мән-мазмұны жағынан «категориялық», «ұғымдық», «атаулық» деп үш топқа бөлуге болады. Біріншісі – категориялық мәнді мақалалар дәстүрлі қазақы ортада «Адам-Қоғам-Табиғат» сынды ұлы триаданың әрқайсысына және олардың арасындағы байланыс жүйесіне қатысты жалпыэтникалық мәнді құрылымдық һәм функционалдық болмысын, қасиеттерін білдіретін терминдерді талдаған мақалалар (мысалы, «ел», «жүз», «қауым», «ру», «жер», «су», «мал», «кісі», «обал», «арам», «адал», «сауап» және т.б.). Ал тұлғалық, статустық, физикалық, биологиялық сияқты тағы да басқа толып жатқан жалқы (жеке) қасиетті, күйді білдіретін ұғымдарға арналған мақалалар екінші топты құрайды (мысалы, «би», «болыс», «бай», «құда», «құдағи», «жайлау», «қыстау», «күзеу», «көктеу», «жер тарту», «ас-тағам», «албасты», «асырап алу», «ойын-сауық», «мұрат», «ою-өрнек» және т.б. сияқты).

Соңғы үшінші топқа жататын мақалаларда адамның физиологиялық немесе рухани сұранысы һәм тұтынысына байланысты сан алуан қарекеттердің, сондай-ақ дүниетанымының объектілерін білдіретін атаулар талданады (мысалы, «аша», «айыр», «жусан», «соқа», «домбыра», «қобыз», «тау», «ағаш», «жел», «жұлдыз», «жетіқарақшы», «асықты жілік», «қымыз» сияқты көптеген мақалалар). Бірінші топтағы мақалалардың көпшілігі өзінің категориялық және ұғымдық деңгейіне сәйкес ауқымдылығымен және концептуалдық мазмұндылығымен ерекшеленеді. Мысал ретінде, «жүз», «ру», «қазақ», «Қазақстан», «әдет-ғұрыптық құқық»/«әдеттік құқық» және жоғарыда ішінара аталған «жылқы», «жайылым» сияқты тағы басқа да осы құралыптас күрделі тақырыпқа арналған көптеген мақалаларды атауға болады. Осы ретте, энциклопедиядағы, әсіресе, «ру» деп аталатын көлемді мақаланың [5-т., 49-58-бб.] концепциясы мен дәлелдеу жүйесі ден қойдырады (авторы Нұрсан Әлімбаев). Ең алдымен, автор «ру» терминінің қазақтың көшпелі қоғамындағы әртүрлі таксон-бірлестіктерге бірдей қолданыла бергендігіне ерекше назар аударады (мысалы, қазақтың Кіші жүзінің құрамындағы «Табын» да, одан тарайтын «Көсеу» де, «Тарақты» да, «Шөміш» те және осылардың ұрпақтары болып саналатын бірлестіктердің әрқайсысы да ру деп атала береді деген сияқты). Алайда, осындай халықтық этимологияның әсерінен де, Қазақстан тарихнамасындағы қажет методологиялық дәстүрдің жоқтығынан да қазақ руының әлеуметтік және институционалдық, тіпті, генеалогиялық табиғаты әлі күнге дейін шешілмеген ірі проблемалардың қатарына жатады, – дейді автор. Осыған байланысты ол аталмыш мақаласында өз шешімін ұсынады. Оның дәлелді пікірінше, дәстүрлі қазақы ортада түбі жетінші атадан бергі ұрпақтарды біріктіретін экзогамиялық құрылымды (бірлестікті), яғни «жетіатаны» ғана ғылыми тұрғыдан ру деп қарастыру қажет. Себебі, қазақ қоғамында айырықша реттеуші және ұйымдастырушы роль атқарған рулық-туыстық қатынастың ең басты тоғысқан торабы осы «жетіата» болды. Расында да, жетіаталық құрылымда, ең алдымен, ер адамдардан тараған ру адамдары өзара қандас туыс болып есептеледі (әлі күнге дейін солай). Сондықтан да, жетіатаның, яғни, жеті ұрпақтың ішінде өзара қыз алысып, қыз берісуге қатаң тыйым салынатын (қазір де сақталынып отыр!) дәстүрлі қазақ қоғамында осы экзогамиялық

тыйымды бұзғандар билер сотының үкім-кесімімен өлім жазасына кесілетін.

Сондай-ақ, көшпелі қазақ қоғамында ерекше роль атқарған рулық сананың да қалыптасып, сан салалы әрі сан деңгейлі функция атқаратын бірден-бір әлеуметтік кеңістігі де, түптеп келгенде, осы жетіаталық құрылым болды. Өйткені, рулық сана жетіатаның әрбір мүшелерін біріктіретін аса күшті идеологиялық және әлеуметтікпсихологиялық фактор ғана емес, сонымен бірге, осындай рулық сананың аса қуатты әсерімен рулық-туыстық қатынас шаруашылық және институционалдық функцияларды атқарды (мысалы, көшпелі қоғамдағы сан алуан күрделі еңбек операциялары «асар», «жылу», «көлік майы», «сауын», «немеурін» деп аталатын рулықтуыстық байланыстың институттары арқылы жүзеге асырылып отырды).

Сонымен бірге, автордың ойынша, осы рулық жетіаталық құрылымды ғана қауымсоциум ретінде қарастырған абзал. Өйткені, бұл құрылым, шынтуайтында, көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың басты формасы болды. Себебі, – дейді ол, – осы «жетіатаның» ғана дербес шаруашылық-экономикалық жүйесі, территориясы, билер, сұлтандар, батырлар һәм діни ұстаным иелері – молдалар, билер соты, билер кеңесі, рубасы сынды реттеу және басқару институттары да, өзіндік атауы да болды. Осы ретте, жетіатаның, әсіресе, табиғи ресурсты тиімді пайдалануға аса қажетті демографиялық оптимумы болғандығын ерекше атаған жөн (әрбір жетіатаның мүшелерінің жалпы саны 5000-5500 аралығын құрайды). Демек, жетіата-ру қауым (яғни, көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың ең басты институционалдық формасы) ретінде социумдық функция атқарды. Яғни, «жетіата» деп аталатын руды социум ретінде де қарастыру қажет. Бірақ, бұл жайтты рулар (қауым-социум) арасындағы сан алуан және сан деңгейлі байланыстардың ролін жоққа шығару деп түсінуге болмайды. Керісінше, руаралық билер кеңесі, билер соты, ақсақалдар кеңесі сияқты институттар арқылы реттелініп отыратын бұл ру-қауымаралық байланыстар жүйесі әрбір рудың тиімді функциясының кепілі болды. Сан алуан мәліметтерге негізделген осындай пікірін Нұрсан Әлімбаев әрі қарай былай деп қорытындылайды: дәстүрлі қазақы ортада рулық-туыстық байланысты қауымдық-социумдағы басқа байланыстар жүйесінен әлі де болса советтік ұстанымда жүрген зерттеушілер сияқты бір-бірінен бөліп қарастыруға мүлдем болмайды. Анығында, көшпелі қауым-социумның құрылымы рулық-туыстық, әлеуметтік, экономикалық, институционалдық сынды байланыстардан тұрады, яғни, бірыңғай қатынастар жүйесін құрайды.

Сонымен, автордың қазақ руының, яғни, жетіаталық құрылымның қауым-социум ретінде функция атқарғандығы жөніндегі осы көзқарасын методологиялық жағынан да, деректік базасы тұрғысынан да концепция ретінде қарастыруға болады. Тың, яғни бұрын ғылымда еш уақытта көтерілмеген осындай концепцияға негізделген бұл мақала, сөз жоқ, көшпелі қоғамдағы сан салалы, сан деңгейлі әлеуметтік қатынастың механизмін түсінуге үлкен септігін (көмегін) тигізері хақ.

Тағы бір көрнекі мысал. Энциклопедияның 2-томында (Г-З) көшпелі қазақтар үшін аса маңызды табиғи объект – «Жайылым» атты біршама көлемді мақала берілген [Н. Әлімбаев., Н. Уәли. 285-295-бб.]. Мақаланың мазмұны көшпелі ортада жоғарыда айтылған «Адам-Қоғам-Табиғат» атты триаданың арасындағы өзара байланыстар жөнінде түсінік алуға мүмкіндік береді. Мысалы, мақалада жыл он екі айдың әрбір маусымдық кезеңінде («жаз», «күз», «қыс», «көктем») көшпелілердің жайылымды тиімді пайдалануының дәстүрлі технологиясы қажетті материалдарға негізделініп, талданылады. Ал, бұл технология көшпелілердің ежелден орныққан экономикалық, экологиялық, мәдени, ветеринарлық, астрономиялық, биологиялық, ботаникалық сияқты тағы басқа да сан алуан білімдері мен іс-әрекеттері тоғысқан сан ғасырлық тәжірибе болып табылады.

Авторлардың дәлелді пікірінше, қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға өріс қуалап қоныс аудару ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіппен жүзеге асады екен. Мақалада өріс қуалап жайылым аударып мал өсіру, түптеп келгенде, жерді тоздырмаудың ең басты экологиялық тәсілдері ретінде

бағалануы өте орынды. Осы және осы сияқты басқа да сан алуан әдіс-тәсілдерді көшпелі қоғам мен табиғи ортаның арасындағы үйлесімді байланысты, яғни қажетті экологиялық балансты сақтаудың басты кепілдерінің бірі деуге де болады. Малшы да, егінші де, ең алдымен, халықтың дәстүрлі астрономиялық біліміне сүйенеді. Мысалы, Үркер жұлдызы батпай, ел жайлауға көшпейді, биелердің үйіріне айғыр салмайды, қой қырықпайды. Сондай-ақ, түйенің жүнін алу (бұл операция «түйе жүндеу» деп аталады), күзем жүнді қырку, қошқарға күйек байлау, одан күйек ағыту сияқты шаруашылық ұйымдастыру тек есепшілердің айтқанына орай жүргізіледі. Осы ретте айта кететін жайт – ай, жұлдыз, күн сияқты аспан шырақтарының мезгілдік қозғалысына және орналасуына қарап болжам жасайтын адамды есепші деп атаған. Мұндай есепшілер өздері жасаған «Үркер тоғысы» деп аталатын ерекше шаруашылық календарь (күнтізбе) жүйесін қолданып отырды (қ.: Н. Уәли. Есепші // 2-т., Г-3, 197-198бб.; Н. Уәли. Үркер тоғысы // 5-т., П-Я, 579-582-бб.]

Сондай-ақ, оқырман жайылым туралы түсінігін осы мақаладағы сілтемелер арқылы басқа мақалаларды оқып, толықтыра алады (мысалы, «қыстау», «көктеу», «жайлау», «күзеу», «жылқы», «қой», «түйе», «сиыр», «ешкі» және т.б.). Энциклопедияда жоғарыда аталған халықтық білім салаларының экологиялық, шаруашылық-экономикалық, ғұрыптық (ритуалдық), коммуникативтік функцияларын сипаттайтын басқа да көптеген мақалалар берілген. Мұндай мақалалардың мазмұны көшпелілердің дәстүрлі білім жүйесінің үй тұрмысын да, шаруашылықта да тиімді ұйымдастыруда айрықша роль атқарғандығын айғақтайды. Сайып келгенде, халықтық білімді, Нұрсан Әлімбаев айтқандай, көшпелі қазақтардың Орталық Азияның климаты мен жергілікті ландшафттың аса қатал ерекшеліктеріне сан ғасырлық бейімделу стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде бағамдаған ләзім. Сондай-ақ, жоғарыда айтылған атаулық мақалалар да өзінің танымдық деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Энциклопедиядағы малшылық, егіншілік, аңшылық кәсібімен байланысты және үй шаруашылығына арналған атаулық мақалалардың көпшілігі тек сипаттауларымен ғана шектелмейді. Осы және осындай басқа мақалаларда тұрмыстық және шаруашылық құралдардың практикалық-утилитарлық және сан алуан ғұрыптық (ритуалдық) һәм коммуникативтік функциялары зерттелінеді. Мысалы ретінде, «қамшы», «құрық», «желі», «бақан», «балта», «арқан» сияқты және басқа да толып жатқан еңбек құралдарына арналған мақалаларды атауға болады. Соның ішінде, мысалы, қамшы ат айдайтын құрал ғана емес, ол ер адамның отбасының (семья) отағасы екендігінің де, белгілі бір әлеуметтік статусының да, тіпті, лауазымды адамның билігінің де символы болып табылады. Сонымен бірге, қамшы адамды жамандық атаулыдан қорғайтын қасиеті бар бұйым ретінде де ерекше қастерленетін. Дәстүрлі қазақы ортада қонаққа келген ер адам қамшысын үйге алып кірмейтін. Оны қонаққа келген үйге кірерде атының ерінің басына немесе әлгі үйдің сыртқы беларқанына іліп қоятын. Өйткені, кез келген ер адамның бөтен үйге қамшы алып кіруі жаманшылық шақырады деп оған қатаң тыйым салынатын. Ал осы адамның қамшы алып кіруі оның үй иесін дұшпан санағандығын білдіретін. Мұндай жағдайда дұшпандық ниетпен келген адам қамшысын өзіне жау санаған әлгі үй иесінің алдына тастайтын.

Сондай-ақ, билер соты кезінде қылмысты деп есептелген адам да, айыптаушы жақ та қамшыларын билердің алдына тастайды. Бұл жосын олардың билердің кез келген үкім кесімімен келісетіндіктерін білдіреді.

Сонымен, қазақ ғалымдары жарыққа шығарған бұл ғылыми энциклопедияның танымдық және ғылыми маңызы үлкен екендігі даусыз. Әсіресе, мақалалардың басым көпшілігінің жаңа деректердің негізінде жазылғандығы ерекше назар аударады. Расында да, кез келген оқырман энциклопедияның деректік негізінің мол екендігіне көз жеткізе алады. Ең алдымен, бұл басылымда қазақ этнографиясына қатысты архив материалынан басқа, XX ғасырдың бірінші он жылдығына дейін жарық көрген орыстың статистикалық, тарихи, этнографиялық мәліметтері

жан-жақты талданылған. Сондай-ақ, энциклопедияда мол пайдаланылған әртүрлі фольклорлық, лингвистикалық және этнолог-ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинаған сан алуан деректері, сөз жоқ, мақалалардың тағы бір ұтымды жағы болып табылады. Әсіресе, энциклопедияда XIX–XX ғасырдың 20-30жылдарына жататын мазмұны этнографиялық сан алуан көркемсуреттердің, фотолардың һәм таблицалардың мол қолданылуы мақалаларға айрықша нақтылық әрі көрнекілік береді.

Қазақ этнографтары, тарихшылары, тіл мамандары бірлесіп шығарған бұл энциклопедия түркі тілдес халықтар әлеміндегі алғашқы зор қадам деуге болады. Осы тәрізді түркілік аймақтар бойынша этнографиялық мазмұндағы салалық энциклопедияларды өзге де түркі елдері қолға алып, жарыққа шығып жатса, әрине, құбақұп болар еді. Мұндай іргелі ғылыми еңбектер түркі халықтарының мәдени- этникалық түп-тамырын, одан тарайтын ортақ этномәдени құбылыстар мен материалдық игіліктерді, сондай-ақ әрбір түркі тектес халықтың дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт- санасын, тұрмыстіршілігін, экологиялық мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік беретіні хақ.

МАЗМҰНЫ

Айтмағамбетов Д.Р., Азмұханова А.М., Нұрсұлтанова Л.Н. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ВЬЕТНАМ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН ТӘЖІРИБЕГЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ.....	20
Арпова А.Д., Морякова М.Т. АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы).....	25
Балықбай А.К. ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	33
Боранбаева Б.С. ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ Өңірінің ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ХАНТАУ ТАУЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ.....	58
Ғабитханұлы Қ. ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ.....	73
Ғабитханұлы Қ., Ғабит Е. «ТӨҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ.....	79
Жанибай С.Б. МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ...83	
Жанибай С.Б. 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ЮСУФ АҚЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БІЛІГІ ТҮСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	105
Жолсейітова М.Ә. ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ.....	116
Жұмай Г. ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІНІҢ ДАЙЫНДАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОРНЫ.....	136
Камалинов И.Р., Савельева Т.В. ІЛЕ АҢҒАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТЫ (археологиялық деректер бойынша).....	145
Керімбаев Е.Ә., Набижанқызы З. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	159
Қабдолдина К.Қ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ.....	169
Қабылдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ.....	175
Қаипбаева А.Т. ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	182
Қали А., Сәкенұлы Қ., Айдаралиева Ә. АҚТӨБЕ Өңіріндегі «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша).....	197
Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ.....	215
Қыдырбаев Қ.А. МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ.....	233
Мұқаметханұлы Н., Мадиев Д.А. ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. ҚАЗАҚСТАН КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ.....	265
Сабырова Ә.С. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ».....	273
Садықов Т.С., Набиев С.Т. АКАДЕМИК М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	279
Сайынов Д. АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ.....	285
Сәкенов С.Қ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ШЫҰ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.....	304
Сыздықова А.М. ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КЕҢЕСТІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХЫ (1970-1990).....	308
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҰЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ.....	323

СОДЕРЖАНИЕ

Айтмагамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нурсултанова Л.Н. КАЗАХСТАН И ВЬЕТНАМ: ОТ СОГЛАШЕНИЙ К ПРАКТИКЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. НОВОВВЕДЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ в 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КЛЮЧЕВОЙ АСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.).....	25
Балықбай А.К. ИСТОРИЯ И ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ.....	33
Боранбаева Б.С. КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ДРЕВНИЕ ПЕТРОГЛИФЫ ГОР ХАНТАУ.....	58
Габитханулы К. ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ТЮРКСКИХ СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ.....	73
Габитханулы К., Габит Е. ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ.....	79
Жанибай С.Б. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ.....	83
Жанибай С.Б. СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК.....	105
Жолсейітова М.Ә. РОЛЬ И ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА.....	116
Жумай Г. ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. МЕСТО НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ЦГМ РК В НАУЧНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	136
Камалдинов И.Р., Савельева Т.В. НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИЛИЙСКОЙ ДОЛИНЕ (по археологическим источникам).....	145
Керимбаев Е.А., Набижанкызы З. СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ.....	159
Кабдолдина К.К. ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	169
Кабульдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ.....	175
Каипбаева А.Т. ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ.....	182
Кали А., Сакенулы К., Айдаралиева А. О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА).....	197
Құдайбергелулы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ.....	215
Кыдырбаев К.А. МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	233
Мухаметханулы Н., Мадиев Д.А. СТРАТЕГИЯ НАПРЯЖЕННОГО ОСВОЕНИЯ ЗАПАДНОЙ ЧАСТИ КИТАЯ И СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРИГРАНИЧНОГО РЕГИОНА СИНЬЦЗЯН.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ.....	265
Сабирова А.С. ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ.....	273
Садыков Т.С., Набиев С.Т. ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА.....	279
Сайнов Д. ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ.....	285
Сакенов С.К. ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ПРОЕКТ ЗОНЫ СВОБОДНОЙ ТОРГОВЛИ ШОС: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	304
Сыздыкова А.М. ИСТОРИЯ УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ НА СОВЕТСКИХ ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ ПРИИРТЫШЬЯ (1970-1990).....	308
Тулбаев Т.А., Абикенова Г.Е. ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	323

CONTENTS

Aitmagambetov D., Azmukhanova A., Nursultanova L. KAZAKHSTAN AND VIETNAM: FROM AGREEMENTS TO PRACTICE.....	5
Akhmetzhanova A.T., Alina A.D. INNOVATIONS OF SOVIET POWER IN THE FIELD OF EDUCATION IN THE 1920-1930s.....	12
Alimzhanova A., Shaimerdenova M. MODERN EDUCATION: THE KEY ASPECT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS.....	20
Arepova A.D., Moryakova M.T. THE ISSUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES).....	25
Balykbay A.K. HISTORY AND STAGES OF THE FORMATION OF KAZAKH FILM DRAMA.....	33
Boranbayeva B.S. KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT.....	41
Goriachev A.A., Egorova T.A., Egorova K.A. ANCIENT PETROGLYPHS OF KHANTAU MOUNTAINS.....	58
Gabitkhanuly K. ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN CHINESE CHRONICLES.....	73
Gabitkhanuly K., Gabit Y. «TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUN HERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME "TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE.....	79
Zhanibay S. METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY.....	83
Zhanibay S. FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S.....	92
Zholseitova M. THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD.....	105
Zholseitova M. I. GASPYRALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM.....	116
Zhumai G. OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM.....	128
Kalysh A., Isayeva A. PLACE OF SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC ENCYCLOPEDIA OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PROCESS.....	136
Kamaldinov I.R., Savelyeva T.V. DIRECTIONS OF THE GREAT SILK ROAD IN THE ILE VALLEY (according to archaeological sources).....	145
Kerimbaev Y.A., Nabizhankyzy Z. THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES.....	159
Kabdoldina K.K. THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN.....	169
Kabuldinov Z.E., Borbasov S.M., Kozybayeva M.M. MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH.....	175
Kaipbaeva A.T. ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE.....	182
Kali A., Sakenuly K., Aidaraliev A. ON THE "ALASH ORDA" FIGURES FROM AKTOBE KRAI (ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE).....	197
Kudaybergenuly B., Karimova A.E., Sadykova A.M. THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY.....	215
Kydyrbayev K.A. THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION.....	222

Meirmanova G.A., Daytbekova M.K. HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY.....	233
Mukhametkhanuly N., Madiev D.A. THE STRATEGY OF RAPID DEVELOPMENT OF THE WESTERN PART OF CHINA AND THE SOCIAL DEVELOPMENT OF THE BORDER REGION OF XINJIANG.....	243
Myrzabekova R., Myrzabekov M. REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT.....	251
Nurmukhambet A.B., Sayn E.D. MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES.....	258
Sabdenova G.E., Userova A.N. HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS.....	265
Sabirova A.S. ETHIC CODE OF "BATYRSHYLDYK" IN THE EPIC POETRY.....	273
Sadykov T., Nabiyev S. THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV.....	279
Sainov D. THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION.....	285
Sakenov S.K. BRONZE AGED WELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	296
Serikkalieva A.E., Ashinova Zh.E., Nabizhankyzy Z. PROJECT OF THE SCO FREE TRADE ZONE: PROBLEMS AND PROSPECTS.....	304
Syzdykova A.M. HISTORY OF MANAGEMENT OF ENVIRONMENTAL PROTECTION AT SOVIET FUEL AND ENERGY ENTERPRISES IN THE PRIYRTISHIYA (1970-1990).....	308
Tulebayev T.A., Abikenova G.E. TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT.....	317
Shaimerdenova M.D. THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE.....	323

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 1(17)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй